21-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Ұлттық мінез-құлық дегеніміз не?

Дәрістің мақсаты: оқырман ұлттық мінез-құлықты қалыптастыратын стереотиптер мен ақпарат көздері және көркем туындылардың стереотиптерді қалыптастырудағы рөлі туралы білім алатын болады. Қазақы менталитетке тән деген ұғымды білдіретін сөздермен танысу.

Дәрістің басты терминдері: қазақшылық, қазақбайшылық, стереотип.

- Қазақшылық – имандылық, адамгершілік сияқты қазақтың этникалық мәнді қасиеттері мен ерекшеліктерінің жиынтық атауы;
- Қазақбайшылық – қазақшылық атауының кеңес дәуірінде болған кертартпа мағынасы, кемсіту идеолегемасы;
- Стереотип қалыпқа түскен (шаблонный) деген сөзбен анықталатындықтан, таптаурын болған, бірегейлігі, бейнелілігі жоқ деген мағынада жағымсыз реңкке ие қалыптасып кеткен дағдылы сипаттауыш атау.

1. Мәлімет көздері

Ұлттық мінез дегеніміз не? Жалпы бұл бар нәрсе ме? Адамдардың әртүрлі болатынын біле тұра, типтік мінездерді жинақтап тұтас бір халыққа телу қаншалықты заңды?

Қазақ ұлтына қатысты қазақшылық, қазақбайшылық, исі қазақ деген үш сөзге тоқтала кетсек. Мемлекеттік музей әзірлеген «Қазақтың этнографиялық ұғымдар, категориялар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедиясында: бұл сөздерді қазақтың этникалық мәнді қасиеттері мен ерекшеліктері делінген. Профессор Нұрсан Әлімбай бұны алдымен функционалды мәнді категория дейді. Біз және олар диспозициясында айрықша білінеді. Айғақ ретінде төңкеріске дейінгі орыс саяхатшылары мен билік өкілдерінің қазақ туралы сипаттамасы және қазақтардың орыс адамдарына берген мінездемелері арқылы көруге болады. Бұл атаулар жақсы мағынада қолданылды. Ал кертартпа мағынасы кеңес дәуірінде болды. Кемсіту идеолегемасы осы болды. Ол қазақбайшылық деп аталды.

Ұлттық мінез туралы мәлімет көздері мынадай: алдымен стереотип ұғымы, стереотиптік сөздері орыс тілінде де, ағылшын тілінде де қалыпқа түскен (шаблонный) деген сөзбен анықталатындықтан, таптаурын болған, бірегейлігі, бейнелілігі жоқ деген мағынада жағымсыз реңкке ие. «Бұл стереотип сөзіне, әсіресе, мәдениетаралық коммуникация контексі тұрғысынан алғанда әділетсіздік жасағанмен тең», – дейді профессор Тер-Минасова. Басқа халықтар мен басқа мәдениеттер туралы стереотип пікірлер өзге мәдениетпен келіспеушілікке алдын ала дайындап, жағымсыз мәдени әсер алуға апарады.

Қазақ мәдениетіндегі стереотипке профессор Нұргелді Уәли әйелге қатысты түсініктерді жақсы мысалға алады. Ғалымның зерттеуі бойынша, қазақ дәстүрінде әйелдің әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы беделі ерлі-зайыптылардың сыйластығымен бағаланады.

Этномәдени ұжымның санасындағы жақсы әйел туралы стереотиптік түсінік отбасы, ағайын-туыс арасындағы татулықпен, ынтымақпен, сыйластықпен байланысты қалыптасқан: Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп; Екі қатын алғанның дауы үйінде, жаман қатын алғанның жауы үйінде; Зерделі зайып құт, береке, ырыс болар, зердесіз оттың басын жүрген жерін ұрыс қылар; Жаман ер жай бұзады, жаман әйел үй бұзады.

Әйелдің әлеуметтік мәртебесі ұлттық мәдени құндылықтар мен этикалық норманы сақтай білетін ұл-қыз тәрбиелеумен бағаланады. Тәрбиелі қыз, ұл өсірген ана «жақсы әйел» деген стереотиптік белгілердің бірі болып табылады. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер; Қыздың жолы жіңішке; Ұл-қызға тәрбие бере алмаған ата-ананың әлеуметтік беделі төмен болады да, референт туралы негативті белгілер қалыптасады. «Ана тұрып ұлы сөйлегеннен без, ана тұрып қызы сөйлегеннен без; Жаман үйдің ұлы сорақы, қызы дарақы». Мұндағы жаман үй – еркек пен әйелдің референті.

2. Көркемсөз арқылы тәрбие

Ұлттық мінез-құлықтың сипатталуын көрсететін екінші қайнар көзі ретінде классикалық көркем әдебиет. Белгілі болғанындай, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германия Ресейге шабуыл жасамас бұрын Ресей және орыс халқы туралы барынша толық ақпарат жинай бастайды. Жиналған ақпарат бойынша, германдық басшылар орыс халқының ұлттық мінез-құлқы жайында пайымдаулар жасайды. Орыс әдебиеті Ресейдің әлсіз тұстарын көбірек жазады, ал оның бірде бір жақсы жақтарын көрсеткен емес. Оның үстіне әлсіз тұстары да ойдан шығарылған дүние. Қолдан жасалған жалған Манилов пен Обломовтар, Каратаев пен Безуховтар, Щигровский уезінің Гамлетові, гарольдтік плащтағы мәскеуліктер, басы артық адамдар мен жалаң аяқтар – ерік-жігері мықты адамдардың әдебиетте қайдан пайда болғаны белгісіз.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақы түсініктегі жақсы әйел бейнесін сөзбен кескіндеп көріңіз. Шыққан кескіннен қазіргі қазақ әйелінің бейнесі табыла ма? Жолдасыңызды осы жайлы әңгімеге тартыңыз.
2. Қазақбайшылықтың жақсы жағы мен жаман жағын екі бағанға тізіп жазып шығыңыз, тізімнің қайсысы қысқа болды, себебі неден екенін ойланыңыз.
3. Қазақбай досыңыздан көрген жақсылығыңыз бен көресініңізді досыңыздың өзіне айтыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Ұлттық мінез дегеніміз не? Ұлттық мінезді қалыптастыратын факторлар қандай?
2. Қазақшылық пен қазақбайшылықтың арасында қандай мағыналық айырмашылық бар?
3. Қазақ мәдениетінде әйел туралы стереотптер немен байланыста? Қазақ дәстүрінде әйел тәрбиесіне не себептен ерекше маңыз берген?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – А: 2014. 5-том.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – А., 2007–2011. 15-том.
3. С. М. Арутюнян., Нация и ее психический склад. – Краснодар, 1966. – с.23.
4. Н. Джандильдин., Природа национальной психологии. – Алма-Ата, 1971/ – с. 122
5. В. И. Козлов, Г. В. Шепелев, Национальный характер и проблемы его исследования // Советская этнография, 1973, № 2. – с. 69–83.
6. http://www.dalanews.kz/10707.
7. Бахтин М.М., К философии поступка. // Философия и социология науки и техники. Ежегодник 1984/1985. – М.: Наука, 1986.
8. Парыгин Б.Д., Научно-техническая революция и личность. – М.,1978.